

Теміртау қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы № 6/7 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 маусымда № 6466-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 38/7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 19.12.2025 № 38/7 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Теміртау қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Теміртау қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қалалық мәслихат төрағасы

А. Ломакин